

E-mail: info@astana-akshamy.kz

# БАСЫМ БАҒЫТТАР БАҒАМДАЛДЫ

*(Басы 1-бетте).*

Өткен жұмадан бері елдің саяси өміріне серпін берген Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталатын Жолдауы жер-жерде талқыға түсіп жатыр. Кеше елордалық актив те дәстүр бойынша жылдың басты құжаты арқалаған міндеттерді анықтау үшін әкімдікте бас қосты. Ел Президентінің халқына 16-рет арнаған тұжырымдамасы бұған дейінгілерден несімен ерекше? Бұл сұраққа елорда әкімінің сөзімен жауап берсек, «биылғы Жолдау – Тәуелсіздіктің үшінші онжылдық дамуының негізгі ұстанымын айқындап отырғандығында». Одан да маңыздысы, құжаттағы әр бағыт пен міндет экономиканың қуатын мәселесі біржақты болуы. Сондай-ақ, әлеуметтік жәрдемақылардың жыл сайын көбеюі мен бюджеттік қызметкерлердің еңбекақысының еселенуі де. Мұны айтып отырғанымыз, елдің тұрмысына қан жүгіртуге бағытталған шаралардың бастауында Жолдау тұр. Сондықтан, оны мемлекеттің басты даму бағдарламасы деуге толық негіз бар.

Сала мамандарының айтуынша, алдағы дағдарыс 5-6 жылға дейін барады. Соған қарамастан Президент үшінші онжылдықтың алғашқы құжатында ел болып жүзеге асыратын ауқымды жобаларды айқындап берді. Ол Қазақстанды тек дағдарыстан шығарып қана қоймай, болашақтағы дамуына септігін тигізетін болады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ экономикасын алға сүйрейді.

Биылғы Жолдауда Президент ел эко- келтіру үшін 2015 жылға дейін 11 емхана салыну керек. Бүгінде қала басшылығы онымен дендеп айналысып жатыр.

Астын сызып тұрып айтатын мәселе – жұмыспен қамту. Былайша бөліп айтатынымыз, ол туралы Жолдауда кең қамтылған. «2011 жылы біз «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының бірінші бағытын жүзеге асыруға кірістік. Ол жұмыссыз, тұрмыс деңгейі төмен халықты оқытуға және жұмысқа орналастыруға бағытталған. Осы аралықта 3200 адам оқуға жіберіліп, кәсіби дайындықтан өтті. Оқу 57 мамандық бойынша 24 білім ошағында өтті. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен биылғы жылға бір миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. 2012 жылдан бастап біз аталған бағдарламаның екінші және үшінші кезеңдерін жүзеге асыра бастаймыз. Бұл ретте миграциялық процесті, оның ішінде Астанаға ауылдан келетін жастарды ескеру қажет. Өйткені, көп жағдайда олардың білімі мен тәжірибесі елорданың еңбек нарығында сұранысқа сай болмай жатады», деген Иманғали Нұрғалиұлы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына бір ай ішінде қаладағы жастар арасындағы жұмыссыздыққа талдау жасауды тапсырды. Соның негізінде мамандарды қайта даярлау жүйесін жолға қойып, кәсіпорындарға жұмысқа тұруына жәрдем бермек.



Осы сияқты бірнеше басқарманың басшылары әкім жүктеген тапсырманы арқалап қайтты. Мәселен, Кәсіпкерлік



***Марат ҚОҒАМОВ,***
***Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры:***

## МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ МІНДЕТІ

– Елбасы Жолдауын екіге бөліп қарауға болады. Бірінші бөлігі – құжатта белгіленген он басым бағыт. Екіншісі – Елбасының экономиканың нақты нысандары бойынша жүктеген нақты тапсырмалары. Жалпы, Жолдауды жүзеге асыру процесі аталмыш құжат жарияланған уақыттан басталды. Мен алдымен өзіме жақын – сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту туралы айтар болсам, өздеріңізге белгілі, 1998 жылы біз пост кеңестік кеңістікте алғаш болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң қабылдадық. Бүгінде бізде осы проблематикамен айналысатын мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау органдары жүйесі қалыптасты. Бұл іске жауапты органдар нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Десек те, жұмысты жетілдіре түсу қажет. Мәселен, Италияда болған сапарымда сол елдің тәжірибесімен танысу мүмкіндігіне ие болдым. Онда «мафия» мен «коррупцияға» деген жеккөріністілікті қалыптастыру мектеп қабырғасынан басталады. АҚШ-та барлық есеп қолма-қол ақшасыз жүргізіледі. Бұл жекелеген адамның кірісі мен шығысы қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді. Жолдау жүктеген міндеттерді орындау кезінде осы мәселелерді ескеретін боламыз деп ойлаймын. Сондай-ақ, еліміз қылмыскерді мемлекетке қайтару сынды басқа да өзекті мәселелерді қамтыған көптеген екіжақты келісімдер жасады. Өкініштісі, бүгінде сол келісімдердің нормаларының орындалуын үйлестіріп, қадағалайтын орталық жоқ. Осы ретте интернационалды полиция құру қажет сияқты. Ол трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен күресу төңірегіндегі мәселелерді шешуге белгілі мөлшерде септігін тигізер еді.